

«Бекітемін»

Мәулен Қалмырза атындағы №3
мамандандырылған мектеп-интернатының
директоры Б.К.Кулахметов
« 31 » 2021 жыл



«Келісемін»

Мәулен Қалмырза атындағы №3
мамандандырылған мектеп-интернатының
жергікті кәсіподақ ұйымының төрағасы
Т.Абубакирова



2021 жыл

Түркістан облысы
Адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Мәулен Қалмырза атындағы
№3 мамандандырылған мектеп-
интернатының» 2020-2021 оқу жылына
арналған ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ

МАЗМҰНЫ

1	Мектеп-интернатта атқарылатын оқу –тәрбие жұмыстарының тақырыбы, мақсаты және міндеттері	3
2	Мектеп-интернатта 2019-2020 оқу жылында оқу –тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстардың талдауы	4-5
3	Мектеп – интернаттың аналитикалық картасы	6
4	Жаңа 2020-2021 оқу жылында оқушылармен жұмыс істеудің жоспары, мақсаты мен міндеттері	7-10
5	Педагог кадрларды іріктеу және орналастыру	11
6	Жалпыға міндетті орта білім беруді жүзеге асыру	12
7	Оқу тәрбие процестерін ұйымдастыру және оған басшылық	13-15
8	Мектепшілік басшылық пен бақылау	15,16
9	Міндетті оқу заңының орындалу барысы	16
10	Оқушылардың жеке қабілетіне қарай саралап оқыту	16
11	Педагогикалық озат тәжірибелерді ендіру, зерттеу және оны тарату	17
12	Білім алу үшін басшылыққа алынатын жұмыстар	18
13	Дәрігерлік тексеру	18
14	Кітап қорын нығайту	19
15	Спорттық сауықтыру жұмыстары	19
16	Ата-ана, жұртшылықпен және кәсіпорын басшыларымен бірлесіп атқарылатын жұмыстар	20
17	Материалдық-техникалық базаны нығайту және шаруашылықты ұйымдастыру жұмыстары	20
18	Жаңартылған білім беру мазмұнына көшуге байланысты атқарылатын іс-шаралар	21
19	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының жұмыс жоспары	22-27
20	Директордың ғылыми – әдістемелік істері жөніндегі орынбасарының жұмыс жоспары	28-34
21	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының жұмыс жоспары	34-41
22	Мектепте өтілетін дәстүрлі мерекелік іс – шаралар жоспары	41-42
23	Еңбекке баулу және әлемдік дағдарыстан шығу жолдарын іздестіру жұмыстары	42
24	Интернат меңгерушісінің жұмыс жоспары	43-48
25	Кітапхана меңгерушісінің жұмыс жоспары	48-49
26	Педагог-психологтың жұмыс жоспары	50-55
27	Әлеуметтік-педагогтың жұмыс жоспары	55-62
28	Медицина саласы бойынша атқарылатын жұмыстар	62-64
29	Педагогикалық кеңес	65-67
30	Мектеп-интернат директоры жанындағы кеңес	67-69
31	Мектеп-интернат директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары жанындағы кеңес	69-70
32	Ғылыми-әдістемелік кеңес	70-72
33	Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары	72-73

Мектеп-интернаттың жылдық жұмыс жоспары М.Қалмырза атындағы №3 мамандандырылған мектеп-интернатының педагогикалық кеңесінде қаралып, талқыланды. Хаттама №1, 29.08.2019ж

1. Мектеп-интернатта атқарылатын оқу – тәрбие жұмыстарының тақырыбы, мақсаты және міндеттері

Тақырыбы: Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді тереңдетіп оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану арқылы оқу мен оқытудың сапасын ХХІ ғасыр талаптарына сай қалыптастыру.

Мектеп-интернаттың әдістемелік тақырыбы: «Оқытудың озық және заманауи технологиялары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен дарынын дамыту»

Мақсаты:

- Мектеп жұмысын оңтайландыру үшін оқытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру, жаңа әдіс-тәсілдерді оқыту мен жаңартылған білім беру мазмұнын оқу жүйесіне енгізу.
- Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын жетілдіру үшін жағдай жасау
- Білім негіздерін берік меңгерген жан-жақты тұлғаны тәрбиелеп шығуды оқушылардың білім алу жүйесіндегі оқу және сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс салаларын біріктіру.
- Оқушының жеке дамуына себепші бола алатын өзіндік маңызы бар білім кеңістігін қалыптастыру.
- Жеке тұлғаға бағытталған мектептің оқу-тәрбие үрдісіне жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу
- Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін қамтамасыз ететін әдістемелік қызмет моделін жетілдіру.
- Педагогтардың өздігінен білім алуын, олардың шығармашылық өсуін ұйымдастыру және жетілдіру.
- Заманауи оқу және оқыту жүйесін пайдалана отырып нәтижеге қол жеткізу.
- Үштілділікті іске асыру, жоғары сыныптарда пәндерді ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу, мемлекетіміздің оқушыларға үш тілде білім беру жүйесін іске асыру.
- Жаңа бағдарлама және жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытуды іске асыру

Міндеттері:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын негізге алу.
- Мамандандырылған мектеп-интернаттардың типтік оқу жоспарын басшылыққа алу.
- Оқушылардың денсаулығына, жан саулығына зиян келтірмейтін білім мен тәрбие беру қызметінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін мектеп мүмкіндігін пайдалану арқылы денсаулықты сақтау білім кеңістігін құру.
- Мектепшілік мониторингті (оқушы мен мұғалім) жетілдіру және мұғалім іс-әрекетінің нәтижесін жүйелі бағалау рейтингісін басшылыққа алу.
- Жеке тұлғаны бағыттау, тереңдетілген оқытудың, арнаулы курстар тиімділігін жүйелеу.
- Электронды журналмен (kundelik.kz бағдарламасы бойынша) жүйелі жұмыс жасауды іске асыру.
- Интерактивті құралдар мен АКТ-ны мектеп ұжымының толық игеруіне және тиімді пайдалануына қол жеткізу және мектепшілік жекелей іс-шаралар түрлеріне байқау-сынақ жүргізе отырып, білім мазмұнындағы үдерістерді жаңарту.
- Оқу-тәрбие үдерісін ақпараттандыруды орталықтандыру. Медиатека – мектептің ақпараттық орталығын құру.
- Мектеп-интернат педагогтарының шығармашылық белсенділігі мен әдістемелік шеберліктерін жетілдіру.
- Мұғалімдерді өзінің кәсіптік деңгейін көтеруге ынталандыру
- Оқу-тәрбие үдерісіндегі педагогика-психологиялық қызметтің ролін кеңейту, күшейту.
- Оқушылардың жоғары нәтижеге қол жеткізуі мақсатында ата-ана ролін көтеру.
- ҰБТ, ОЖСБ-ға, қорытынды аттестаттауға оқушылардың дайындығын дамыту.
- Мектеп оқушыларының үлгерімін көтеру жұмыстарын дамыту.
- Жаңа бағдарлама бойынша, оқушыларға үштілде білім беру жүйесін іске асыру мақсатында тілдік курстар мен Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беретін мектептері педагогтарының біліктілігін арттыру курстарына пән мұғалімдерін жіберу мен сабақты үш тілде жүргізуді іске асыру. Денсаулық сақтау жұмысын жүйелі жүргізу. Аса қауіпті жұқпалы аурулар мен түрлі жұқпалы, қауіпті аурулардың алдын алу мақсатында оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын үздіксіз жүргізу.

2. Мектеп-интернатта 2019-2020 оқу жылында оқу –тәрбие саласы бойынша атқарылған жұмыстардың талдауы

1. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуы

Пән мұғалімдерінің сандық-сапалық құрамына талдау.

Мұғалімдер саны	Диплом бойынша			Оқу түрі		Санаты								Аттестациядан өтетін мұғалімдер саны	ЖББМ бойынша курстан өткені	Ағылшын тілі бойынша білім деңгейі				
	Жоғары	Орта Кәсіптік	Аяқталмаған	Күндізгі	сырттай	Жоғары	I	II	анатсыз	Педагог - шебер	Педагог - зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор			A1	A2	B1	B2	C1
42	42	0	0	28	14	5	0	2	4	3	15	5	8	13	29					3

Мұғалімдердің біліктілік арттыру курсынан өтуі

Жалпы мұғалімдер саны	Пәні және ЖББМ бойынша курстан өткен мұғалімдер саны	Ағылшын тілі курсынан өткен мұғалімдер саны	Ағылшын тілі курсынан өткен жылы	Пәні және ЖББМ бойынша курстан өтетін мұғалімдер саны	Пәні және ЖББМ бойынша курстан өтетін жылы	Ағылшын тілі курсынан өтетін мұғалімдер саны	Ағылшын тілі курсынан өтетін жылы
42	29	3	2018ж	13	2020	3	2019ж
						2	2020ж

Шығармашылық топпен жұмыс

Мектебімізде оқушылардың тобынан тұратын және мұғалімдерден құралған шығармашылық топтар жұмыс істейді. Оқушылар арасынан құрылған «Ғажайып ғылым әлемі» ғылыми шығармашылық қоғамы - қоғамдық – гуманитарлық және жаратылыстану – математикалық бағытында 5 секцияға бөлініп жұмыс істейді. «Ғажайып ғылым әлемі » оқушылардың ғылыми қоғамына директордың ғылыми-әдістемелік істері жөніндегі орынбасары Л.Нұртаева жетекшілік етеді.

Р/с	Топ атауы	Бағыты мен мақсаты	Оқушы саны	Жетекшісі, мұғалімі	Жауапты тұлға
1	Ізденіс	Жаратылыстану-математикалық бағытына бейім, шығармашыл, талантты оқушыларды анықтау және ғылымға баулу	25	М. Саудабаева	Л. Нұртаева
2	Жас талант	Қоғамдық-гуманитарлық бағыт. Оқушылардың жеке	40	А.Сламова	Л. Нұртаева

		шығармашылығын дамытуға бағыт-бағдар беру.			
3	Зерде	Жаратылыстану-математикалық бағыт. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттыру.	23	Д.Забиева	Л. Нұртаева
4	Таным	Жаратылыстану-математикалық бағыт. Оқушылардың ойлау қабілеттерінің дамытуға бағыттау.	22	А.Мырзахметова	Л. Нұртаева
5	Лингвист	Қоғамдық-гуманитарлық бағыт. Еліміздің үш тұғырлы тіл саясатын ұстана отырып, ізденімпаз шәкірттерімізге үш тілді терең меңгертуге бағыт бағдар беру.	20	Қ.Сатбекова	Л. Нұртаева

II. Пән бойынша білім сапасына талдау

Жылдық қорытындыға талдау (білім сапасы бойынша)

Сынып	Оқушы саны	Ұлы	Қызы	Жалпы үлгерімі	Білім сапасы	Орта бағасы	Озаг	Екінді	«3» бар
7 а	29	18	11	100	89,7	4,4	10	16	3
7 б	29	17	12	100	79,3	4,4	9	14	6
8 а	27	16	11	100	88,9	4,6	12	12	3
8 б	28	14	14	100	92,8	4,4	10	16	2
9 а	27	16	11	100	88,9	4,6	11	13	3
9 б	27	12	15	100	85,2	4,6	12	11	4
10 а	25	8	17	100	100	4,7	11	14	-
10 б	25	11	14	100	92	4,6	8	15	2
11 а	28	11	17	100	100	4,7	9	19	-
11 б	29	12	17	100	100	4,7	10	19	-
Жалпы	274	135	139	100	91,6	4,6	102	149	23

3. Мектеп – интернаттың аналітикалық картасы

Толық атауы:	Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының «Мәулен Қалмырза атындағы №3 мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ
Мекен жайы:	Түркістан облысы, Шардара қаласы Б.Момышұлы көшесі №27
Байланыс телефоны:	+7 (72535) 2-40-41
Ашылған мерзімі:	2006 жыл
Жалпы ауданы:	2,92 Га
Мектептің сыйымдылығы:	200
Мектеп-интернат директоры:	Кулахметов Бауыржан Қонырбаевич 87781370054
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:	Туранов Полат Есалиевич 87022892529
Директордың ғылыми істер жөніндегі орынбасары:	Нуртаева Ляззат Шадмановна 87026660586
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:	Канайбекова Баян Турехуловна 87022752804
Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары:	Джолбарисов Сабит Байптанович 87754310022
Педагогтар саны:	59
Оның ішінде:	Жоғары санатты – 5, Бірінші санатты – 2 Екінші санатты – 14, Санаты жоқ педагогтар – 7 Шебер – педагог – 3, Педагог-зерттеуші – 15 Педагог-сарапшы – 5, Педагог-модератор – 8
Оқушылар саны:	272
Ұлттық бірыңғай тестілеудегі орта баллы:	96,7
«Алтын белгі» иегерінің саны:	9
Жалпы орта білім үздік аттестатын алған оқушы саны:	0
Негізгі орта үздік аттестатын алған оқушы саны:	16
Сынып комплект саны:	10
Оның ішінде:	7-сынып – 2, 8-сынып – 2, 9-сынып – 2, 10-сынып – 2, 11-сынып – 2
Компьютер саны:	101
Интернетке қосылған компьютер саны:	20
Жаңа модификациядағы пәндік кабинеттер саны:	9
Жатақхана:	150 орындық
Акт залы:	120 орындық
Асхана:	75 орындық
Медпункт:	2 бөлме
Кітапханадағы кітап қоры	15232 дана, оның ішінде оқулығы – 14095 дана, әдеби кітаптар – 1137 дана.
Мектептің жұмыс кестесі	Оқушылар 1 ауысымда оқиды.

4. Жаңа 2020-2021 оқу жылында оқушылармен жұмыс істеудің мақсаттары мен міндеттері.

«Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану арқылы оқу мен оқытудың сапасын жаңартылған білім беру мазмұны бойынша ХХІ ғасыр талаптарына сай қалыптастыру» атты ғылыми проблемалық тақырып бойынша дарынды, қабілетті балалармен жұмыс істеудің мақсаты:

- әрбір оқушының жас ерекшеліктеріне қарай қабілеттерін дамыту;
- тек сол оқушыға ғана тән қасиеттерін ескере отырып шығармашылық тұлға қалыптастыру үшін айырықша жағдай жасау;
- білім негіздерін берік меңгерген жан-жақты тұлғаны тәрбиелеп шығуда оқушылардың білім алу жүйесіндегі оқу және сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс салаларын біріктіру;
- оқушының жеке дамуына себепші бола алатын өзіндік маңызы бар білім кеңістігін қалыптастыру;
- білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына қол жеткізуін қаматамасыз ету;
- тез өзгертін әлемде білім алушының табысты болуын қаматамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру;
- Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру;
- оқушыларға негізгі интеграциялы және қосымша білім беруді дамытып отыру.

Осы мақсатты іске асыру үшін мектеп әкімшілігі, педагогикалық ұжым, ата-ана және қоғамдық ұйымдар бірлесіп жұмыс істейді.

Мәулен Қалмырза атындағы №3 мамандандырылған мектеп-интернатының басқару жүйесі дәстүрлі құрамдас бөліктерден тұрады: жоспарлау, ұйымдастыру, алға қойған міндеттер мен мақсатқа жету үшін материалдық-техникалық ресурстарын тиімді пайдалануды іске асыру, бақылау мен басшылық жасауды іске асыру және әрі қарай дамыту жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіледі. Ол үшін жаңалықтарды ізденістер арқылы тауып, мектеп-интернат өміріне енгізу жүзеге асырылады.

Басшылықтың негізгі міндеттерінің бірі – инновациялық үрдістерді оқу-тәрбие процесіне енгізу.

Оқу-тәрбие процесін басқаруда сандық емес, сапалық көрсеткіштер назарға алынады.

Мұғалімдердің, кадрлардың біліктілігін көтеру, озық педагогикалық іс-тәжірибені енгізу, жинақтау, тарату арқылы іске асырылады.

Басқару мына жолдар бойынша жүргізіледі.

1. Мектепті басқару ұжымдық және әкімшілік түрінде іске асырылады, яғни барлық шешімдер, жоспарлар кеңінен ашық түрде талқыланып іске асырылады.
2. Мектепте оқу-тәрбие процесіне енгізілетін кез-келген жаңалықтар толықтай зерттеуден өткізіліп, тек пайдалысын қалдыру қолға алынған.
3. Мақсатты басқару-күтілетін нәтижені анықтап алып, соған жету жолдарын қарастыру. Мұғалімдерге ізденіске кең жол ашып, ізденіш мұғалімді қалыптастыру, оқушымен жеке жұмыс істей білуге баулу.
4. Жүйелі басқару – енгізілетін жаңалықтарды жүйелі түрде бір-бірімен байланыстыра отырып енгізу, әрбір жаңалық алға қойған міндеттерді орындауға үлес қосу болып табылады.
5. Кемшіліктерді алғашқы белгілері пайда болғаннан бастап, оның себептерін тез тауып, жою. Бұл кінәлілерді жазалау емес, кемшіліктерді жоюға негіз болып табылады.
6. Білім негіздерін берік меңгерген жан-жақты тұлғаны тәрбиелеп шығуда оқушылардың білім алу жүйесіндегі оқу және сыныптан тыс жүргізілетін жұмыс салаларын біріктіру. Оқушының жеке дамуына себепші бола алатын өзіндік маңызы бар білім кеңістігін қалыптастыру.

7. Білім беру процесінің барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен технологияларына, жаңартылған білім беру әдісіне (мазмұнына) қол жеткізуін қамтамасыз ету.
 8. Тез өзгереді әлемде білім алушының табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру.
 9. Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру
 10. Білім берумен қатар, сауықтыру, салауатты өмір салтын ұстану жұмысын біркелкі кешенге біріктіру
 11. Оқушыларға негізгі интеграциялы және қосымша білім беруді дамытып отыру.
 12. Әрбір оқушының өзіндік мәнері мен өзін-өзі анықтау жағдайын жасау.
 13. Оқушыға білім мен тәрбие беруде ата-аналардың бірге әрекет етуін қамтамасыз ету
- Мектептің жылдық жоспарына сай педагогикалық кеңестер, директор жанындағы кеңестер семинарлар, жиналыстар өткізіледі.

Мектептің инновациялық жұмыстары үш бағытта жүргізіледі.

1 бағыт: Оқу-тәрбие процесіндегі жекелеген бөліктерге өзгеріс ендіру. Бұл қосымша сабақтар, үйірмелер жұмысын ұйымдастыру арқылы шешіледі.

Бұл бағытта басшылық жасау мектеп-интернаттың қосымша білім беру педагогтарына жүктелді. 2019-2020 оқу жылында жаратылыстану-математика бағыты бойынша жеке тұлғаны бағыттау компоненті блогындағы оқу сағаттары математика, физика, биология, химия, география және информатика (web), робототехника пәндеріне бөлінді.

2 бағыт: Мұғалімдер коллективін жұмылдыру арқылы жұмыс жүргізу. Бұл бағытта басшылық жасау директордың ғылыми істер және инновация істері жөніндегі орынбасары Л.Нұртаеваға бекітілді.

- Сабақтағы берілетін тапсырмалардың деңгейлеп берілуі.
- Оқыту процесінде тестік-рейтингтік жүйені қолдану.
- Мұғалімдердің еңбегін критерийлік бағалау.
- Мониторингін енгізу.

3 бағыт: Оқу-тәрбие процесіндегі жүйелі өзгерістер.

Бұл бағытқа басшылық жасау міндеті мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Тасыбековке жүктелді.

- Педагогикалық ұжымды дамытпалы оқытуға көшіру.
- Оқу-тәрбие процесіндегі жүйелі өзгерістер.
- Оқу процесіне қатысты барлық жұмыстарға жүйелі басшылық жасау.

Үш бағытқа да бекітілген мұғалімдердің іс-жоспарлары жасалынып, бекітіледі.

Дамытпалы оқытуға көшіру оқу-тәрбие процесін жоғары деңгейге көтеруге ықпал етеді.

Оқушылардың үлгерімінің диагностикасы.

1. Әр оқушыға жеке диагностика.
2. Сынақ кітапшалары.
3. Пән бірлестіктерінің мониторингтері.
4. Тоқсандық қорытынды бойынша әдістемелік диагностикалық картасы.
5. Мұғалімдер жұмысының бағалану критерийлері.
6. Сабақты талдау жасау диагностикасы жасалынады.

М.Қалмырза атындағы №3 мамандандырылған мектеп-интернаты М.Әуезов атындағы ОҚМПУ-дың, ОҚПУ-дың, Қ.Ясауи атындағы ХҚТУ- кафедралары мен Оңтүстік Қазақстан облысының білім басқармасы, «Өрлеу» мен ПШО біліктілікті арттыру ұлттық орталығы және Республикалық «Дарын» ғылыми –практикалық орталығымен (РҒПО) тығыз байланыста бірлесе отырып жұмыс жүргізеді.

Мектепте жекеленген пәндер бойынша авторлық бағдарламалар жасалынады.

Мектепте шығармашылық топ ұйымдастырылады. Онда тәжірибелі мұғалімдер топтастырылады.

Бұл шығармашылық топ оқу-тәрбие процесінде жоғары жетістіктерге жету үшін жаңашылдықпен жұмыс істеуді жоспарлап отыр. Озық тәжірибені насихаттау мақсатында жоспарланған кесте бойынша мектепшілік семинарлар, ашық сабақтар өткізіледі.

Пән бірлестіктері жұмысында мұғалімдердің өзара сабаққа енуі арқылы тәжірибе алмасу, сол арқылы білім сапасын көтеруі, оқушыларды жаңа ақпараттық технологиялар арқылы пәнге қызықтыруы, бейімдеу күн тәртібінде тұрады.

Дарынды балалармен жұмыс істеудің концепциясы.

Ғылыми жетекшілері: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Университеті мен Оңтүстік Қазақстан педагогикалық институтыны, Қ.Ясауи атындағы ҚХТУ-дың ОҚПУ –дың оқытушылары.

1. Дарынды балалармен жұмыс жүргізу ерекшеліктері.
 2. Дарынды балалармен істелінетін жұмыстың мақсаты мен міндеттері.
 3. Білім беру жұмыстарын ұйымдастыру кезеңдері.
- Дарынды балалармен жұмыс істеудің мақсаты мен міндеттерін айқындау.
 - Жұмыстың сапасы мен көрсеткіштеріне талдау жасау.
 - Жұмыс нәтижесіне талдау жасау арқылы қорытынды жасау.
 - Ұсыныс пікірлерді жинақтау.

М.Қалмырза атындағы №3 мамандандырылған мектеп-интернаты оқу-тәрбие мекемесі болып табылады. Онда 7 сыныптан бастап 11 сынып аралығында дарынды балалар аудан, облыс көлемінен қамтылып, жалпы орта білім беру міндеттері іске асырылады. Оқушылардың табиғи және жан-жақты дамуына жағдай жасау қызметін атқарады.

Мамандандырылған мектеп-интернатының ерекшелігі:

Оқушылардың жеке қабілеті мен қалауына қарай оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру және оқушының жеке шығармашылық қабілетін дамыту.

- Қабілетті, дарынды, зерек оқушыларды саралап оқыту.
- Оқушының жеке қабілетін зерттеу, оның табиғи мүмкіншіліктерін және жан-жақты дамуын бағдарлап отыру.
- Қабілетті, дарынды, зерек оқушылардың жеке шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасау.

• Оқушылардың талап-тілегі мен қалауына қоғамдық сұраным негізіне қарай терең білім алуын, таңдауына қарай жаратылыстану-математика пәндері бойынша тереңдетілген бағдарламамен жан-жақты білім алуына мүмкіндік жасау.

• Оқушылар бойында әлеуметтік және адамгершілік көзқарасты қалыптастыруда тәлім-тәрбие жұмыстары жүзеге асырылады. Қазақ халқының ұлттық мәдениеті, салт-дәстүрі мен әлем халықтарының мұраларына құрметпен қарауға, адамгершілік, эстетикалық жағынан дамуына және Отанға, туған жерге, ел тарихына деген құрмет пен сүйіспеншілігінің дамуына жағдай жасалады.

Оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында біртұтас оқу-тәрбие жұмысының үйлесімді жүйесі іске асырылады. Оқушы психологиялық, дәрігерлік жағынан бақылауға алынып, дене ақыл-ой және жеке қабілетінің дамуына ықпал жасалынады. Оқу-тәрбие процесі ғылыми әдістемелік жағынан жоғары оқу орындарымен байланыс жасай отырып қамтамасыз етіледі. №3 мамандандырылған мектеп-интернатында сабақ беретін барлық мұғалімдер конкурстық жүйеде ең білікті, тәжірибелі, іскер мұғалімдер ретінде қабылданады және мұғалімдер сабақ беру барысында арнайы бағдарламалармен жұмыс жасайды. Тәрбие жұмыстарында қазақтың салт-дәстүрі мен тәлім-тәрбиесі, тарихы кеңінен қолданылады. Әрбір оқушыны дамыту үшін жағдайлар жасау, оның интелектісін байыту – басты мақсат. Ол үшін жалпы орта білім беретін

пәндердің сабақтастығы үздіксіз қамтамасыз етіліп, олардың қызығушылығы мен қалауына қарай математика, физика, информатика, (web), робототехника химия, биология, және география пәндері бағдарлап оқытылады. 7-8 сыныптарда оқушылар педагогика психологиялық жағынан бақылауға алынып, жалпы даму ерекшеліктері мен қабілеттері анықталады.

Оқушылар сабақтан тыс уақытта қалауына орай спорт, көркемөнерпаздар, гуманитарлық және техникалық үйірмелерге қатысады, яғни олардың жан-жақты дамуына және жетілуіне ықпал жасалынады.

№3 мамандандырылған мектеп-интернатта оқыту мен тәрбиенің бірлігі мен үздіксіздігі қамтамасыз етіледі. Әрбір сынып топтарында мұғалімдер мен педагог психологтар бірлесе отырып олардың зейіні, ынтасы, бейімділігі, қабілетінің дамуына, олардың бойына еңбек және қоғамдық қызмет дағдыларын сіңіру, ғылымға қызығушылығын қалыптастыру, мемлекеттік білім стандарт талаптары негізінде білім сапасын іске асыру, жан-жақты дамуына жағдай жасау іске асырылады. Білім беруде және тәрбие жұмыстарында озат тәсілдер мен технологиялар қолданылады. Әрбір оқушыға психологиялық жағынан диагностикалық талдау жасалынады.

Білім мен тәрбие берудің тиімділігі мен тәсілдерін жетілдіру мақсатында пән бірлестіктері жүйелі жұмыс атқарады.

1. Филология пәндері бірлестігі.
2. Тарих-география пәндері бірлестігі.
3. Математика, физика, информатика, робототехника пәндері бірлестігі.
4. Химия-биология пәндері бірлестігі.
5. Дене шынықтыру, АӘД, өзін-өзі тану, көркем еңбек және сызу пәндері бірлестігі

Мектеп-интернатқа оқушылар Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының арнайы бұйрығына сәйкес емтихан (қабылдау) тапсыру және конкурс арқылы қабылданады.

Мектепте мұғалімдерден шығармашылық топ түзіліп, бұл мұғалімдер өздерінің шығармашылық зерттеушілік жұмыстарымен бірге оқушыларды да ғылыми жұмыстармен шұғылдануға тартып, оларға бағыт-бағдар беріп отырады. Олар деңгейлеп оқыту, модульдік оқыту, дамыта оқыту, саралап оқыту, жаңа ақпараттық технологиялар мен жаңа бағдарлама (дегейлік) технологияларын пайдаланып, жаңартылған білім беру мазмұнына сай жұмыс жасайды. Мектепте әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, табиғи интеллектілік қабілеттерін дамыту, қабілеттіліктің тек осы оқушыға тән ерекшеліктерін ескере отырып шығармашылық тұлға қалыптастыру үшін ерекше жағдай жасалынады.

Мектеп-интернатта оқушылардың өз бетінше білім алу дағдысы мен ғылыми зерттеуге үйрету, жоғары мәдениетті, зерделі, отансүйгіш тұлғаны қалыптастырып отыру жұмыстарын үздіксіз жүргізіледі.

Түстен кейін балалар қабілетіне қарай саралап оқытылады, олимпиада, байқауларға дайындық сабақтары, арнайы курстар жүргізіледі.

Оқу жоспары, оқу бағдарламаларының мазмұны, ғылыми-әдістемелік жағынан профессор оқытушылардың көмегі ұйымдастырылады. Ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, жаңа мазмұндағы оқыту формалары мен блоктік модульдік жүйелерін жетілдіру, мұғалімдердің жаңа технологиялармен жұмыс істеудің шығармашылық лабораториясын ұйымдастыру іске асырылады. Оқушыларды ғылыми жұмысқа бейімдеу, ғылыми-зерттеу жұмыстарына, пәндік олимпиадаларға, Президенттік олимпиада, конкурс байқау-сайыстарға қатыстыру, оларды дайындау басты назарда болады. Оқушылардың қысқы, күзгі, көктемгі каникул кездерінде лабораториялық, практикалық сабақтарын университет базасында ұйымдастыру күн тәртібінде тұр. Әрбір оқушының жеке табиғи интеллектілік қабілетін дамытып ғылым негіздерін терен оқытып, шығармашылық тұлға қалыптастыру мақсатында ғылыми әдістемелік семинарлар өткізіледі. Мектеп ұжымы ҚР «Білім туралы» заңының талаптарына сай оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын жоғарғы деңгейге көтереді. Оқушылардың белсенді әлеуметтік, адамгершілік көзқарасы қалыптастырылады.

5. Педагог кадрларды іріктеу және орналастыру

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Орындаушы
1	Мамандығы, шеберлігіне, білім және біліктілік деңгейіне қарай педагогикалық жүктеме бөлу	Мамыр 2020 ж	Б. Кулахметов
2	Сыныптарға жетекші тәрбиеші тағайындау	Мамыр 2020 ж	Б. Кулахметов П. Туранов М. Өскенбаев
3	Оқу кабинеттеріне менгеруші мұғалімдер бекіту	Тамыз	Б. Қанайбекова
4	Мектепке қажетті мұғалімдерді категориясы, ғылыми дәрежесіне, білімі мен біліктілігіне қарай іріктеп қабылдау	Тамыз	П. Туранов
5	Мұғалімдердің оқушыларды олимпиадаға (Президенттік олимпиада, пән олимпиадалары) дайындау жұмысын қадағалау. «Олимпиада резервтері» мектебін ұйымдастыру.	Қазан, Қараша	П.Туранов Л. Нұртаева Г. Шойбек
6	Мұғалімдердің күнтізбелік және жеке сабақ жоспары мен жұмыстарын бақылап отыру	Жыл бойы	П.Туранов Л.Нұртаева
7	Оқу процесін кабинеттік оқу жүйесінде ұйымдастыру және оқу жоспарына сай жүктемелерді оқу кабинеттеріне бөлу.	Қыркүйек	П.Туранов Л. Нұртаева
8	Сынып тәрбиешілерінің тәрбие сабақтарының өтілуіне, сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілуіне бақылау жасау.	Жыл бойы	Б. Қанайбекова
9	Мұғалімдердің кәсіптік қызметіне жағдай жасау, олардың біліктілігін арттыруға оқыту әдістерін еркін талдауға мүмкіндік туғызу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
10	Мұғалімдердің біліктілік санаттарын белгілеу	Жыл бойы	Аттестаттау комиссиясы
11	Мұғалімдердің ішкі еңбек тәртібін сақтауын, мектеп-интернатта еңбек заңдылығының орындалуын үнемі қадағалап отыру	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Кәсіподақ ұйымы
12	Мұғалімдердің санитарлық-гигиеналық қауіпсіздік ережелерінің орындалуын қадағалау.	Жыл бойы	Дәрігер, медбикелер Еңбек инспекторы
13	Аудан орталығынан тыс жерден қабылданған оқушылардың жатақханамен қамтамасыз етілуін қадағалау	Қыркүйек	Интернат менгерушісі, Тәрбиешілер
14	Оқушылардың сабаққа қатысуын жыл бойы қадағалау	Жыл бойы	Сынып тәрбиешілері
15	Мұғалімдердің жаңартылған білім беру мазмұны бойынша сабақ жүргізуін назарда ұстау.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Пән бірлестігі жетекшілері.

6. Жалпыға міндетті орта білім беруді жүзеге асыру

№	Атқарылатын жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	ҚР-ның жалпы білім беретін ұйымдарының 7-11 сыныптарында оқу үрдісін ұйымдастыруда негізгі нормативтік құжаттарды басшылыққа алу;	Тамыз	Б.Кулахметов
2	ҚР-ның "Білім туралы" Заңына және мемлекет бағдарламаларының ережесіне сәйкес жылдық оқу	Маусым-тамыз	П.Туранов Л.Нуртаева

	жоспарын жасау		
3	Стандарт талаптарын сақтау, нақты білім салалары мен пәндер бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен білім беру бағдарламалары негізінде жоспар құру	Тамыз	П.Туранов Бірлестік жетекшілері
4	ҚР «Жалпыға бірдей міндетті орта білім беру» Заңының орындалуын қадағалау	Үнемі	П.Туранов Л.Нуртаева
5	Жалпы орта білім беру жүйесіне арналған оқулықтармен қамтамасыз ету. Оқу- әдістемелік кешендерді ұйымдастыру	Қыркүйек	Э.Тәжібек
6	Оқушылардың танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып қолданбалы және таңдау курстарының, жеке бағдарламаларын жасау.	Қыркүйек	Л.Нуртаева Бірлестік жетекшісі
7	Бағдарлы оқу бағыты бойынша оқушылардың пән циклдерін тереңдетіп оқытуын ұйымдастыру	Қыркүйек	П.Туранов
8	Оқушылардың денсаулығын тексеруді, кеңес беруді және көмек көрсетуді қамтамасыз ету.	Үнемі	А.Пердебекова
9	Білім алушылардың Ұлттық Бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастыру	Үнемі	П.Туранов
10	Оқушыларды олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, түрлі конкурстық білім сайысына қатысуды ұйымдастыру	Жыл бойы	П.Туранов Л.Нуртаева
11	“Алтын белгі” белгісіне және “Үздік аттестатқа” үміткерлердің білім деңгейін бақылауға алу	Үнемі	П.Туранов Л.Нуртаева
12	Мектеп-интернат оқушыларының бақылау, тест, тоқсандық бағаларының қорытындысының мониторингісін жасау	Тоқсан сайын	П.Туранов Л.Нуртаева
13	Мектеп-интернат мұғалімдерін аттестациялау іс-шаралары	Қазан-сәуір	Б.Кулахметов Л.Нуртаева
14	Кадрларды қайта даярлауды, біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету	Жыл бойы	Л.Нуртаева
15	9-сыныпты аяқтауда, қорытынды аттестациядан өткен оқушыларға негізгі орта білім туралы куәлік беру	Маусым	П.Туранов Л.Нуртаева
16	11-сыныпты аяқтауда қорытынды аттестациядан өткен оқушыларға жалпы орта білім туралы аттестат беру	Маусым	П.Туранов Л.Нуртаева

7. Оқу-тәрбие процестерін ұйымдастыру және оған басшылық

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Орындаушы
1	Оқу процесінде жаратылыстану-математика бағыты бойынша жеке тұлғаны бағыттау компонентті блогындағы оқу сағаттарын педагогикалық кеңесте бекіту	Тамыз 2020ж	Мектеп әкімшілігі
2	Оқу процесін екі ауысымда ұйымдастыру: 1-ауысымда оқу жоспарына сай жалпы орта білім беретін пәндерді оқыту 2-ауысымда оқушыларды олимпиадаға дайындау, арнайы курстары, талап- тілектеріне қарай үйірмелер, бейіндік пәндер бойынша оқыту және бағыттау компоненті блогындағы сағаттар мен шығармашылық-зерттеушілік негіздері сағаттарын оқыту.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі

3	Сабак кестесін жасау, үйірме, сыныптан тыс жұмыстарды және тәрбие шараларының кестесін жасау. (Бескүндік оқу аптасы мен 40 минуттық сабақ ұзақтығына орай, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып)	Тамыз	П.Туранов Б. Қанайбекова
4	Оқу бағдарламалары, курстардың олимпиадаға дайындық жоспарларын талқылап, педкеңеске ұсынып, бекіту	Тамыз	П.Туранов Л. Нұртаева
5	Сынып жетекшілердің тәрбие сағаттарының кестесін жасау	Тамыз	Б. Қанайбекова
6	Мектепшілік басшылық пен бақылаудың кестесін жасау	Қыркүйек	П.Туранов Б. Қанайбекова
7	Лаборатория, практикалық сабақтардың кестесін жасау және оның өтілуін жыл бойы қадағалау	Қыркүйек	П.Туранов Г. Шойбек
8	Оқу бағдарламаларының орындалуын камтамасыз ету, оқушылардың білім, білік дағдыларын есепке алу, арнайы жазбаша бақылау жұмыстарын жүргізу. Кіру срезін алу	Қыркүйек	П.Туранов Л. Нұртаева Пән бірлестік/і жетекшілері
9	Құқықтық білім -тәрбие жұмыстарына назар аудару, тарих бөлмесі мен кітапхана бұрышын ұйымдастыру	Қыркүйек	Б. Қанайбекова О. Жұмабеков П.Туранов
10	Барлық сыныптардың оқушыларына мемлекеттік рәміздерді үйрету. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу	Қыркүйек	П.Туранов Тәрбиешілер
11	Оқу пәндерінен оқушыларды жеке ерекшеліктеріне, пәнге қызығушылығына, ынта-зейініне қарай олимпиадаларға дайындау, оқыту	Жыл бойы	П.Туранов Л. Нұртаева Г. Шойбек
12	Оқушылардың білімін есепке алудың диагностикалық картасын жасау	Қыркүйек	Л. Нұртаева Г. Шойбек
13	Оқушылардың білімін рейтинг бойынша бағалауды іске асыру. (Критериалды бағалауды)	Қыркүйек	П.Туранов Л. Нұртаева
14	Тоқсанында кемінде екі рет оқушылардың білімін тексеру	I-IV тоқсан	П.Туранов Л. Нұртаева
15	ҰБТ –ке және ОЖСБ-ға дайындық барысын мониторингтік бақылауда ұстау	Жыл бойында	П.Туранов
16	Оқушылардың дәптерлерін тексеру	I-IV тоқсан	П.Туранов Л. Нұртаева
17	Жоспарлы түрде ашық сабақтар мен тәрбие сағаттарын өткізу, әр аптада бір рет өткізілетін сынып тәрбие сағаттарының өтілуіне бақылау жасау	I-IV тоқсан	Б. Қанайбекова П.Туранов Л. Нұртаева
18	Педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, директор жанындағы кеңес, директорыдың орынбасары жанындағы кеңестерді және оқушылар мен ата-аналар жиналысын жоспарлы түрде өткізіп отыру	Жыл бойы	Б. Құлахметов П.Туранов Л. Нұртаева Б.Қанайбекова
19	Сыныптан тыс шаралар, қоғамдық ұйымдардың мәжілістері, сынып жетекшілері семинарын, әдістемелік семинарын өткізіп отыру	Жыл бойы	Б. Қанайбекова Л. Нұртаева
20	Ғылыми жұмыстарды жоспарлау және оны іске асыру	Қыркүйек	Л. Нұртаева
21	Күнтізбелік жоспар немесе оны алмастыратын жылдық жеке тақырыптық жоспарларды, тәрбие жоспарларын бекіту және оның орындалуын қадағалау	Қыркүйек	П.Туранов Б. Қанайбекова Л. Нұртаева
22	Мұғалімнің жеке құжаттарын, күнтізбелік	I-IV тоқсан	Л. Нұртаева

	жоспарлар, күнделікті сабақ жоспары, тақырыптық, әдістемелік талдаулар мен рефераттарды жазу және қорғау.		П.Туранов А. Исаева
23	Оқу-тәрбие жұмысының апталық, айлық жоспарларын, сыныптан тыс шараларды, өзін-өзі басқару балалар ұйымы, кітапхана, ата-аналар комитетінің жұмыстарын іске асыруды ұйымдастыру	Қыркүйек	П.Туранов Б. Қанайбекова
24	Мектепшілік басшылық пен бақылау кестесінің орындалуын бақылау	I-IV тоқсан	Б. Құлахметов П.Туранов
25	«Олимпиада резервтері» мектебін құру Әр сыныптан оқу пәндері бойынша кемінде бірнеше оқушыдан олимпиадаға дайындау жұмыстарының барысын қадағалау	Қыркүйек	П.Туранов Л. Нұртаева
26	Пән апталықтарын өткізуді арнайы жоспарлау	Қыркүйек	Л. Нұртаева
27	Оқушылар білімін тереңдету курстары, қоғамдық үйірмелер т.б. шаралардың сапалы өтілуін қадағалау	I-IV тоқсан	Г. Шойбек
28	Күзгі, қысқы, көктемгі каникул кездерінде университет базасында лаборатория, практикалық сабақтардың өтілуін қадағалау	Жыл бойы	П.Туранов Л. Нұртаева
29	Оқушылардың ғылыми жұмыстарын ұйымдастыру, тақырыптарын белгілеу, жетекшілерін бекіту	Қыркүйек	Л. Нұртаева
30	Оқушыларды педагогика-психологиялық жағынан бақылауға алу, олардың жеке пәндерге бейімділігін анықтау	I-IV тоқсан	Л. Нұртаева Г.Жәдігер Г. Шойбек
31	Университет ғалымдарымен кездесу өткізу, арнайы семинар ұйымдастыру	I-IV тоқсан	Л. Нұртаева П.Туранов
32	Әрбір пәннен сыныптарда арнайы олимпиадалар өткізу және пән мұғалімдері арасында пәндік олимпиадалар өткізу.	Қазан	П.Туранов Л. Нұртаева
33	«Ашық есік» күндерін ұйымдастыру	Қараша Наурыз	П.Туранов Л. Нұртаева
34	Әрбір сабақты жаңартылған білім беру мазмұны бойынша, жаңа ақпараттық технологиялармен, жаңа бағдарлама бойынша оқытуды қолдана отырып ұйымдастыру.(лингафон, информатика, мультимедия кабинеттерінде мұғалімдердің аптасына бір рет ашық сабақ өтуін ұйымдастыру) Интернет арқылы электрондық оқулықтардағы материалдарды оқу процесінде кеңінен қолдану	Жыл бойы	Л. Нұртаева П.Туранов
35	Жас мамандардың онкүндігін семинары мен сайыстарын өткізу.	Сәуір	П.Туранов Л. Нұртаева
36	Электронды журналды ендіруді және оның іске асуын қадағалау.	Жыл бойы	П.Туранов

8. Мектепшілік басшылық пен бақылау

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Қайда қаралды
1	Мұғалімдердің күнтізбелік, тәрбие, бағыттау компоненті блогындағы және шығармашылық-зерттеушілік негіздері бағыттарының сыныптан тыс жұмыстарының жоспарлануы	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
2	Құжаттардың жүргізілуі	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
3	Жас мұғалімдермен жұмыс	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
4	Тәрбиешілердің тәрбие жұмыстары	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
5	Оқушылардың олимпиадаға дайындалуы	Қазан	Мектеп әкімшілігі
6	Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің оқытылуы	Қазан	Мектеп әкімшілігі

	Ағылшын тілі пәнінің оқытылуы.	Қазан	
7	Оқушылардың ғылыми жұмыстарға дайындығы	Қараша	Мектеп әкімшілігі
8	Орыс тілі пәнінің оқытылуы	Қараша	Мектеп әкімшілігі
9	Интернаттағы тәрбие жұмысы	Қараша	Мектеп әкімшілігі
10	Дене шынықтыру, АӘД, көркем еңбек, өзін-өзі тану және сызу пәндерінің оқытылуы.	Қараша	
11	Математика, физика, информатика, пәндерінің оқытылуы және пән бірлестігі жетекшілерінің есебі.	Желтоқсан	Мектеп әкімшілігі
12	Шығармашылық-зерттеушілік негіздері бойынша өтілетін сабақтардың оқытылуы	Желтоқсан	Мектеп әкімшілігі
13	Жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттың орындалуы	Желтоқсан	Мектеп әкімшілігі
15	Сынып тәрбиешілерінің жұмысы	Желтоқсан	Мектеп әкімшілігі
16	Бағыттау компоненті блогындағы сабақтардың оқытылуы	Қаңтар	
17	Тарих, география пәндерінің оқытылуы, ағылшын тілі пәнінің оқытылуы және үштілділіктің іске асырылуы.	Қаңтар	Мектеп әкімшілігі
18	Мұғалімдердің жаңа технологияны, жаңартылған білім беру мазмұнын қолдануы және үштілділікті іске асыру білім сапасын арттыру	Қаңтар	Мектеп әкімшілігі
19	ҰБТ-ке дайындық жұмыстары және математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы пәндері бойынша дайындық барысы.	Ақпан	Мектеп әкімшілігі
20	Биология, физика және информатика пәндерінің үштілде оқытылуы.	Ақпан	Мектеп әкімшілігі
21	Таңдау пәндерімен бағдарлы пәндердің оқытылуы.	Ақпан	Мектеп әкімшілігі
22	Пән мұғалімдерінің өзара сабаққа ену деңгейі	Ақпан	Мектеп әкімшілігі
23	Химия, биология пәндерінің оқытылуы	Наурыз	Мектеп әкімшілігі
24	Арнайы курс, үйірме, сыныптан тыс жұмыстардың жүргізілуі	Наурыз	Мектеп әкімшілігі
25	Оқушылардың жеке шығармашылығын арттыру және таңдау пәндері мен курстардың оқытылуы	Наурыз	Мектеп әкімшілігі
26	Дене шынықтыру, АӘД, көркем еңбек, өзін-өзі тану және сызу пәндерінің оқытылуы.	Сәуір	Мектеп әкімшілігі
27	Жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттың және оқу бағдарламасының орындалуы	Сәуір	Мектеп әкімшілігі
28	Пән бірлестігі жетекшілерінің есебі	Сәуір	Мектеп әкімшілігі
29	Емтихан материалдарын іріктеу	Сәуір	Мектеп әкімшілігі
30	ҰБТ-ке дайындық жұмыстарын жалғастыру	Мамыр	Мектеп әкімшілігі
31	Сыныптан-сыныпқа көшіру емтихандары, негізгі орта мектепті және жалпы орта мектепті бітіру (мемлекеттік) емтихандарын өткізу. ҰБТ-ті өткізу.	Мамыр	Мектеп әкімшілігі
32	2019-2020 оқу жылына 7-сыныпқа оқушы қабылдау. (сынақ өткізу) жұмыстарын ұйымдастыру.	Мамыр	Мектеп әкімшілігі
33	Оқу жылын аяқтау, мұғалімдерге алдағы оқу жылында жүргізетін сабақтарының апталық жүктеме сағатарын алдын ала бөлу және жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жоспарлау	Маусым	Мектеп әкімшілігі
34	Жазғы сауықтыру жұмыстары	Маусым	Мектеп әкімшілігі

9. Міндетті оқу заңының орындалу барысы

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	7-сыныпқа оқушыларды іріктеу, қабылдау туралы бұйрық	Мамыр	Б.Кулахметов
2	Оқушылардың сабаққа қатысуы, қатыспаған оқушылардың қатыспау себептері	Жыл бойына	П.Туранов
3	Оқушылардың жеке құрамы және келген-кеткен оқушылар бұйрығы, оқушылар қозғалысының мәліметі, келген-кеткен оқушылардың дәлелді құжаттары	Қыркүйек-қаңтар	П.Туранов А.Қалдарша
4	Мектеп асханасының жағдайы, ыстық тамақтың ұйымдастырылуы, қамтылуы.	Қыркүйек	З.Тагабаева А.Матбекова

10. Оқушылардың жеке қабілетіне қарай саралап оқыту

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Орындаушы
1	Оқушылардың жеке пәнге бейімділігін, қабілетін арнайы тестпен анықтау	Тамыз	Л. Нұртаева Г. Шойбек
2	Жаратылыстану-математикалық бағытындағы пәндер бойынша бөлінген сағат санының, қосымша курстардың мазмұнын талқылау, олардың бағдарламаларының мазмұнына талдау жасау.	Тамыз	П.Туранов Л. Нұртаева
3	Жаратылыстану - математика бағытындағы пәндерді тереңдетіп оқыту бағытындағы оқу жоспарының түрі бойынша сағат санын, қосымша курстардың мазмұнына талдау жасау.	Тамыз	Л. Нұртаева
4	Оқу бағдарламаларының әрбір тарауы бойынша оқушылардың білім сапасын анықтап, олармен жеке жұмыс істеудің жоспарын жасау.	Қыркүйек	П.Туранов Л. Нұртаева
5	Таңдау курстарына оқушыларды ықтиярына,бейініне қарай қатыстыру	Қыркүйек	П.Туранов Л. Нұртаева
6	Оқушыларды таңдауына, бейімділігіне қарай үйірмеге қатысуын ұйымдастыру	Қыркүйек	Г. Шойбек
7	Тоқсан, ай сайын оқушылардың үлгеріміне талдау жасау, рейтингін шығару	I-IV тоқсан	П.Туранов Л. Нұртаева
8	Пән мұғалімдерін оқушыларға бекіту, оларды олимпиадаларға ҰБТ-ке ОЖСБ-ға дайындау жұмысына жоспарын жасау.	Қыркүйек	П.Туранов
9	Оқушылардың жеке шығармашылық қабілетін дамытуға жан-жақты жағдай жасау, олардың кәсіптік мамандақты дұрыс таңдауына педагогика-психологиялық жағынан бейімделуіне ықпал ету	I-IV тоқсан	Л. Нұртаева Г. Шойбек Г. Жәдігер
10	Оқу бағдарламаларының негізінде теориялық мәселелер мен лабораториялық, практикалық сабақтардың, сынақ жұмыстарының орындалуын қамтамасыз ету	I-IV тоқсан	П.Туранов Л. Нұртаева
11	Әрбір пәннен оқушылардың тақырыптық үлгерімін есепке алу және жеке жұмыс істеу	Қазан	П.Туранов
12	Арнайы курстардың өтілуіне бақылау жасау, ғылыми орталықтармен байланысты нығайту	Қазан	Л. Нұртаева
13	Университет, ғылыми орталықтармен тұрақты байланыс жасау	Қазан	Л. Нұртаева

11. Педагогикалық озат тәжірибелерді ендіру, зерттеу және оны тарату

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Орындаушы
1	Озат педагогикалық тәжірибелерді ендіру мақсатында әдістемелік-оперативті топтар ұйымдастыру	Қыркүйек	П.Туранов Л. Нұртаева
2	Жас мұғалімдерге тәжірибелі ұстаздарды бекіту	Қыркүйек	Л. Нұртаева П.Туранов
3	Тәрбие жоспары мен күнтізбелік жоспарын тузу жайлы семинар өткізу	Қыркүйек	П.Туранов Б. Қанайбекова
6	Төмендегі мұғалімдердің іс-тәжірибесін зерттеп, жинақтау 1. А. Сламова 2. Р. Жарқынбекова 3. Б. Канайбекова 4. Р. Хамитова 5. Ж.Тулебаева 6. М.Саудабаева 7. Қ.Сатбекова	Қазан	Л. Нұртаева
7	Жас мұғалімдермен жұмыс істеу	Қазан	Л. Нұртаева
8	Тәжірибелі ұстаздардың озық тәжірибесін жинақтау, зерттеу, насихаттау, тарату	Қараша	Л. Нұртаева
9	Озық тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына ену, зерттеу, жинақтау, тарату жұмысын ұйымдастыру	Қараша	Л. Нұртаева
10	Мұғалімдердің кәсіптік білімін жетілдіруді ұйымдастыру	Желтоқсан	П.Туранов Л. Нұртаева
11	Жас мұғалімдердің мектептегі әдіс алмастыру семинарларына қатысуын ұйымдастыру	Ақпан	П.Туранов Л. Нұртаева
12	Өз білімін көтеру және шығармашылық жұмыс жоспарын жасау мәселелері бойынша семинар ұйымдастыру	Наурыз	Л. Нұртаева
13	Мұғалімдердің құқықтық білім бойынша өз білімін көтеруде мына төмендегі бағыттар бойынша жұмыс істеуін қадағалау. Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасы Білім туралы Заңы; - педагогикалық психологиялық мәселелер; - оқу пәндері бойынша теориялық дайындық; жаңа технологиялар жайлы түсінік жалпы дүниетанымды қалыптастыру	Наурыз-сәуір	Б. Қанайбекова Л. Нұртаева Г. Жәдігер
14	«Ең үздік сынып сағаты» байқауын өткізу	Сәуір	Б. Қанайбекова Л.Нұртаева
15	Мектеп мұғалімдерін нарықтық экономика жағдайында білім беру жүйесіндегі өзгерістермен таныстырып отыру	Сәуір	П.Туранов Л. Нұртаева
16	«Үздік авторлық бағдарлама -2020» байқауын өткізу	Мамыр	Л.Нұртаева
17	Озық тәжірибелі мұғалімдердің жұмыстарының жинағын жасау	Мамыр	Л. Нұртаева

12. Білім алу үшін басшылыққа алынатын жұмыстар

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	Сынып құрамын анықтау мақсатында жалпыға бірдей білім беру айлығын өткізу.	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
2	«Қамқорлық» қайырымдылық айлығын өткізу.	Қыркүйек	О. Рубитов
3	Мектеп оқушыларының: • Күнделікті мектепке келуін тексеру • Материалдық көмек жасау • Ыстық тамақ ұйымдастыру • Оқушыларды кітаппен қамтамасыз ету	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
4	Жалпыға бірдей білім беру заңын орындауға қажет құжаттарды жүргізу: оқушылардың тізімі, оқушылардың іс-қағаздары, есеп журналы, алфавиттік кітап, журналдар	Жыл бойы	А.Қалдарша
5	Оқушылардың материалдық-тұрмыстық жағдайын анықтау	Қыркүйек	О. Рубитов
6	Аз қамтылған жанұядан келген балалардың тізімін жасау	Қыркүйек	О. Рубитов
7	Жаңа оқу жылына сыныптарды анықтау, сынып жетекшілерін белгілеу	Қыркүйек	П. Туранов
8	Мектеп жиынында үлгерім, сабаққа қатысу қорытындысын талдау, таңертенгілік жаттығу	әр аптаның 1-күні	Н.Мыңжасаров
9	Статистикалық есеп жүргізу, есептік құжаттарды дайындау	әр тоқсан сайын	П.Туранов
10	Сабақ кестесін жасау	Қыркүйек қаңтар	П.Туранов
11	Жаңадан келген оқушылардың жанұясымен танысу	Кезінде	Сынып жетекшілер
12	Сабақтарға қатысу, әдістемелік көмек беру	Жыл бойы	П.Туранов Л.Нуртаева
13	Сабаққа қатысудың есебін жүргізу	Жыл бойы	П.Туранов Л.Нуртаева
14	Педкеңесте бітірген оқушылардың грантқа түсуін талдау жасау, жұмысқа орналасуын анықтау	Тамыз қыркүйек	П.Туранов Л.Нуртаева
15	10,11-сынып оқушыларының тест орталығына баруда техника қауіпсіздігін қадағалау	Үнемі	П.Туранов Сынып жетекшілері
16	Әскери комиссариатқа, емханаға қажетті құжаттарды дайындап өткізу	Кезінде	Е.Өскенбай А.Пердебекова
17	Алфавиттік кітапты тексеріп тұру	Үнемі	П.Туранов
18	Сынып жетекшілермен мектеп құжаттарын жүргізу туралы семинар өту	Қыркүйек	Б.Қанайбекова

13. Дәрігерлік тексеру

1	Медициналық кабинетті жабдықтау, керекті құралмен, дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету	Үнемі	А.Пердебекова
2	7-11 сынып оқушыларын медициналық тексеруден өткізу	Кезінде	А.Пердебекова
3	Есту, көру, ақыл-есі кем оқушыларды анықтап, есепке алу	Үнемі	А.Пердебекова
4	Мектеп жиынында тазалық, дәрігерлік тексеру қорытындысын талқылау, жұқпалы аурулар туралы мәлімет беру	Апта сайын	А.Пердебекова

14.Кітап қорын нығайту жұмыстары

1	Барлық оқушыны кітаппен қамтамасыз ету	Жыл бойы	Э.Тәжібек
2	Жетіспейтін кітапты есепке алу	Мамыр , қыркүйек	Э.Тәжібек
3	Кітаптың сақтауы туралы экран жасау	Қантар, мамыр	Э.Тәжібек
4	Кітап сақталуын тексеру, рейд қорытындысын жасау	Үнемі	Э.Тәжібек
5	Жаңа түскен кітаптарды және әдістемелік кітаптарды таныстыру, үлестіру	Кезінде	Э.Тәжібек
6	Қорытынды бұйрықтар шығару «Мектепке барар жол» акциясы; «Қамқорлық» айлығы; - Кітап қорын сақтау фонды;	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі

15. Спорттық сауықтыру жұмыстары

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Орындаушы
1	Оқушылардың денсаулығын нығайту мақсатында дене тәрбиесі пәні сабақтарының, спорттық, үйірме жұмыстарының жүргізілуін жандандыру	Жыл бойы	А.Медетбекова Ж. Исаев Ғ. Қарсыбаев
2	Оқушылардың дене тәрбиесі сабағына арнайы киіммен келуін қамтамасыз ету, дене тәрбиесі сабағының материалдық-техникалық базасын нығайту, мектепшілік жарыстардың өтілуін қадағалау, оқушыларды аудандық, облыстық, республикалық жарыстарға қатыстыру.	Жыл бойы	А.Медетбекова Ж. Исаев
3	Сыныптан тыс жұмыстардың, үйірмелер, спорт секцияларының өтілуіне бақылау жасау.	Жыл бойы	Н. Мыңжасаров Ғ. Қарсыбаев Үйірме жетекшілері
4	«Денсаулық марафоны» акциясын өткізу, сауықтыру сабақтарын ұйымдастыру, денсаулығы жарамсыз оқушылар үшін арнайы топ ұйымдастыру.	Қыркүйек	Ж. Исаев Ғ. Қарсыбаев Н.Мыңжасаров
5	Мектепшілік спорт жарыстарын өткізу.	Жыл бойы	Ж. Исаев Н. Мыңжасаров
6	Аудандық, облыстық жарыстарға қатысып отыру.	Жыл бойы	Н. Мыңжасаров Ғ. Қарсыбаев
7	Оқушыларды медициналық байқаудан өткізіп отыру, спорт алаңын ретке келтіріп, онда дене тәрбиесі, сабағын, спорт жарыстарын ұйымдастыруға жағдай жасау.	Қыркүйек-ақпан	А. Бердібекова Ғ. Қарсыбаев Ж. Исаев
8	Сынып тәрбиешілерінің тәрбие жоспарындағы спорттық сауықтыру бөлімінің жұмыстарының іске асырылуын назарда ұстау.	Қыркүйек	Ж. Исаев Б. Қанайбекова Тәрбиешілер
9	Оқушылардың туристік, өлкетану экскурсияларын ұйымдастыру.	Қазан Наурыз	Б. Қанайбекова Тәрбиешілер

16. Ата-ана, жұртшылықпен және кәсіпорын басшыларымен бірлесіп атқарылатын жұмыстар

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Жауапты адамдар
1	Ата-аналар комитетін сайлау, қамқоршылық кеңесін құру.	Жыл бойы	Ата-аналар комитеті.
2	Ата-аналар конференциясын өткізу.	Тоқсан сайын	Ата-ана комитеті
3	Ата-аналармен атқарылатын жұмыстарды ұйымдастыру	Жыл бойы	Ата-ана комитеті
4	Мектептегі мерекелер мен кештерге, салтанатты жиындарға ата-аналарды қатыстырып отыру.	I- IV тоқсан	Б. Қанайбекова
5	Ата-аналар жиналысын өткізу.	Әр тоқсанда	Б. Қанайбекова Сынып тәрбиешілері
6	Мектептегі кейбір проблемалар мен оқу-тәрбие жұмысына байланысты шараларды шешуде ата-аналар комитеті мен кәсіпорын басшыларын көмекке тарту.	Дер кезінде	Б.Кулахметов Б. Қанайбекова С. Жолбарысов
7	Жазғы практикалық жұмыстар мен сауықтыру жұмыстарын мекеме басшыларымен, қамқоршылық кеңесі құрамымен бірлесе отырып шешу.	Маусым	Б. Қанайбекова З. Тағабаева

17. Материалдық-техникалық базаны нығайту және шаруашылықты ұйымдастыру жұмыстары

№	Жұмыстың мазмұны	Уақыты	Жауапты адамдар
1	Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасы, облыс әкімшілігі тарапынан бөлінген қаржыны тиімді, өз мақсатында пайдалану.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
2	Мектеп-интернат кітапханасын оқулықтармен толықтыруды, қамтамасыз етуі	Тамыз Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі Кітапханашылар
3	Оқу кабинеттерін қажетті көрнекті құралдармен, дидактикалық материалдармен толтыру.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
4	Сынып бөлмелерін стол, мебель орындықтармен қамтамасыз ету және оларды бүлінуден сақтау, қалпына келтіру.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі С.Жолбарисов
5	Мектепті оқу жылының аяғында ағымдағы және қаржы бөлінген жағдайда күрделі жөндеуден өткізіп, жаңа оқу жылына дайындау.	Маусым	Мектеп әкімшілігі С.Жолбарисов
6	Жылу жүйесінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі С.Жолбарисов
7	Электр жүйелерін жөндеу, қауіпсіздік ережелерін іске асыру.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі С.Жолбарисов
8	Басқарма басшыларымен келісе отырып мектепті жөндеудің сметасын жасау.	Мамыр	Мектеп әкімшілігі С.Жолбарисов

18. Жаңартылған білім беру мазмұнына көшуге байланысты атқарылатын іс-шаралар.

№	Атқарылатын жұмыстар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Жаңартылған білім беру мазмұнына көшудің іс-жоспарын жасау.	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі Пән бірлестік жетекшілері
2	Мамандандырылған білім беру ұйымдарының үлгілік оқу жоспарына енгізілген өзгерістер, толықтырулармен педжымды таныстыру.	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі Л.Нуртаева Пән бірлестік жетекшілері
3	7-10 сыныптарға жаңартылған білім беру мазмұны бойынша сабақ жүргізетін мұғалімдерді оқыту тәсілдерімен таныстыру.	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі Л.Нуртаева Пән бірлестік жетекшілері
4	7-10 сынып оқушыларын ЖББМ (жаңартылған білім беру мазмұны) –мен таныстыру және сабаққа жаңа тәсілді жүйелі түрде енгізу.	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі Л.Нуртаева Пән бірлестік жетекшілері
5	Жаңартылған білім беру мазмұны туралы мәселені пән бірлестіктерінің отырыстары, мектеп-интернат директоры мен оның орынбасары жанындағы кеңес жиналыстары мен педагогикалық кеңесте қарау. (Мұғалімдерді ЖББМ-на көшуге байланысты құжаттар, нұсқау хаттармен таныстырып отыру.)	Жыл бойы	мектеп әкімшілігі
6	Оқушыларды (7-10 сынып) оқулықтармен таныстыру, оқулықты қолдану тәртібімен таныстыру.	Қыркүйек	Пән мұғалімдері
7	ЖББМ-на көшу туралы нормативтік құжаттар, нұсқау, хаттармен пән мұғалімдеріне таныстыру.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі.
8	Мектепшілік семинарлар өткізу, мұғалімдердің аудандық облыстық семинарларға қатысуды ұйымдастыру.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі П.Туранов Л.Нұртаева
9	1.ҚР Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім департаментінің 04.09.2017ж №11-1-2/461- негізге ала отырып, ОББ-ның 06.09.2017жылғы №05/3630 санды хатына сәйкес 2018-2019 оқу жылынан бастап 1-11-сыныптарға бескүндік оқу аптасын 40 минуттық сабақ ұзақтығын көшуді (мектеп әкімшілігі жергілікті қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитетінің келісімі бойынша) ұйымдастыруды іске асыруды жалғастыру.	Қыркүйек-мамыр	Мектеп әкімшілігі.
10	9-сыныптарда биология, физика, информатика пәндерін үштілде оқытуды жоспарлап іске асыру.	Жыл бойы	

19. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	2018-2019 оқу жылына 7-сыныпқа қабылдау сынақтарын өткізу.	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
2	Мұғалімдердің күнтізбелік жоспарларын (2018-2019 оқу жылына) тексеру, танысу, нұсқау беру.	Тамыз	П. Туранов
3	Сынып бөлмелері және оқу кабинеттерінің жаңа оқу жылына дайындығын тексеру.	Тамыз	П. Туранов Б.Қанайбекова
4	Мұғалімдердің сапалық құрамын және біліктілігін арттыру жұмыстарын ұйымдастыру.	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
5	Жұмысқа мүмкіндігінше жоғары немесе 1-ші категориялы, ғылыми дәрежесі бар, магистр мұғалімдерді қабылдау жұмысын ұйымдастыру.	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
